



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№12 (1970) 7 СӘУІР 2025 ЖЫЛ

Ғалымдар Ұлттық құрылтай шешімдерін ҚОЛДАЙДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Бурабайда өткізген IV Ұлттық құрылтайды талқылауға арналған «Қазақстанның болашағы: бірлік, даму және жаңғыру» атты шара өтті.



Жиынға университет басшылығы, ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, оқытушы-профессорлар құрамы және білім алушы жастар қатысты.

Жиында сөз сөйлеген Мәлік Нұржанұлы Ұлттық құрылтайда көтерілген түйткілді мәселелерге тоқталды. «Мемлекет басшысы салық реформасы туралы қоғамның көкейінде жүрген көп сауалға жауап берді. Олардың ең басында тұрған мәселе – заң мен тәртіп қағи-

даты. Бұл туралы Президентіміз салық жүйесін заң мен тәртіпке бағындыру қажеттігіне ерекше назар аударады. Демек, бұл еліміздің әрбір азаматының үс-

танымы болуы тиіс», – деді Президент кеңесшісі.

Өз кезегінде ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Ұлттық құрылтайда Президент жүктеген басты міндеттер мен өзекті мәселелерді атап өтті. «Жастарды сапалы біліммен қамтамасыз ету, оларды ел дамуына белсенді араласуға шақыру – біздің басты міндеттеріміздің бірі», – деді ректор.

Жиын соңында университет ғалымдары Ұлттық құрылтайдың шешімдерін қолдайтындықтарын білдіріп, олардың жүзеге асуына ықпал ететін ғылыми және сараптамалық жұмыстарды жүргізуге дайын екендерін жеткізді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Ғылым мен бизнес форумы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырылған «Ғылым, бизнес және өндіріс ықпалдастығы» атты форум өтті.

Іс-шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, экология және қоршаған ортаны қорғау, сейсмикалық қауіпсіздік саласындағы өкілдер мен сарапшылар, сондай-ақ өндіріске инновациялық технологияларды енгізетін компаниялар, ғылыми қауымдастықтар және 200-ге жуық бизнес өкілдері мен мүдделі тараптар қатысты.

Форум басталар алдында қатысушыларға ҚазҰУ-дың «Farabi Hub» инновациялық өнімдер және жоғары технологиялық жобалар орталығы таныстырылды. Хабта Жерді қашықтықтан зондау техно-

стан-Қытай зертханасы, Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы, «Робототехника және механика RoboMech» орталығы, Технопарк зертханасы, Дәрілік өсімдіктер орталығы, ZTE компаниясының инновациялық орталығы, Химия және химиялық технологиялар зертханасы, «Сот сараптама-сы» зертханасы орналасқан.

Форумның пленарлық сессиясында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев баяндама жасап, қалалық инфрақұрылымды, экологияны және цифрландыруды дамытудың өзекті міндеттеріне тоқталды.

Жалғасы 8-бетте

Симпозиум өткізуге ұсыныс білдірді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Астанадағы Сауд Арабиясы Корольдігі елшісінің орынбасары Салех Фахд Альбедахпен кездесті.

Жансейіт Түймебаев құрметті қонақты қарсы ала отырып, ғылым және жоғары білім беру саласында Сауд Арабиясының ЖОО-ларымен ынтымақтастықты жандандыруға ниет білдірді.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Арабтану орталығы жұмыс істейді. Болашақта аталған орталықпен бірлесіп түрлі конференциялар мен симпозиумдар өткізуді ұсынамын. Сондай-ақ Сауд Арабиясы Корольдігіндегі

университет профессорларын көшбасшылық дәріс оқуға шақырамын», – деді Жансейіт Түймебаев.

Салех Фахд Альбедах өз кезегінде ҚазҰУ-да жүргізіліп жатқан жұмыстарды жоғары бағалап, екі ел арасындағы серіктестік одан әрі дамытынына сенім білдірді.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



3-бет

Арман ИСАГАЛИЕВ:
Дипломат должен
беззаветно любить
свою Родину



4-бет

Мақсат –
инновациялық
биотехнологияларды
енгізу



6-бет

Венгриялық
зерттеушімен
жүздесу



ҚазҰУ жетістіктерімен ТАНЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне РФ Президентінің Шетелдермен аймақ-аралық және мәдени байланыстар жөніндегі басқармасының өкілдері арнайы келді.

Делегация құрамында басқарма басшысының орынбасары Антон Рыбаков, басқарма референті Алексей Власов бар.

Құрметті қонақтарды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қарсы алып, оқу ордасының жетістіктерімен таныстырды. Алдымен Ресейден келген меймандар ҚазҰУ музейінде болып, университеттің тарихы туралы мәлімет алды.

Кейін делегация мүшелері география және табиғатты пайдалану факультетіндегі «Қашықтықтан зондау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасын көрді.

Сонымен қатар Антон Ры-



баков пен Алексей Власов ҚазҰУ базасында орнатылған Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютердің қызметімен танысты. Суперкомпьютер кластері IT және жасанды интеллект саласында білікті мамандарды даярлауға жол ашады.

ҚазҰУ-ға жұмыс сапары барысында Ресейден келген қо-

нақтар Фараби кітапханасы мен жаңадан бой көтерген «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығын аралап көрді. Мұнда делегация мүшелеріне ҚазҰУ ғалымдары әзірлеген инновациялық жобалар көрсетілді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1155 жыл толуына орай ұйымдастырылған IV халықаралық Фараби форумы өтті.

Дәстүрлі форумның мақсаты – әл-Фарабидің бай мұрасы арқылы қазіргі қоғам дамуының рухани, тарихи және философиялық негіздерін түсіндіру, ойшыл мұрасын зерттеп жүрген отандық және шетелдік ғалымдарды біріктіру, әлемнің жетекші ғалымдары арасындағы диалог пен ынтымақтастықтың жаңа алаңын құру.

Форумға АҚШ, Ресей, Италия, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия, Әзірбайжан, Сирия, Египет және Иран сынды алыс-жақын шетелдерден 100-ден астам ЖОО ғалымдары қатысты.

«Адамзат тарихындағы әл-Фараби мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциядан бастау алған ауқымды шараны ҚазҰУ Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов ашты.

Сондай-ақ конференцияның ашылуында Алматы қаласындағы Түркия Республикасы Бас консулдың білім жөніндегі кеңесшісі Айхан Коркмаз, Сауд Арабиясы Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы елшісінің орынбасары Салих

Әл-Фараби мұрасы терең зерттеледі



Альбедах, Иран Ислам Республикасының Алматыдағы мәдени өкілдігінің директоры Хосейн Агазаде, Сирияның Қазақстандағы құрметті консулы Самих Дерех және басқалар сөз сөйледі.

Форум аясында Түрік халықтары философия қоғамы Қазақ комитетінің II мәжілісі, «Фарабитану» жинағының 10 томдығы, Жақыпбек Алтаев пен Қанат Алтынбектің «Жиһангер ғұлама» кітаптарының тұсаукесері, «Аударма өркениетінің феномені: әл-Фараби мен түркі ғалымдарының мұрасы негізінде» атты халық-

аралық ғылыми конференция, «Әл-Фарабидің философиялық терминологияны қалыптастырудағы рөлі: философия тілі» атты пікірталас алаңы және басқа да іс-шаралар өтеді деп жоспарланған.

Ауқымды шара барысында әл-Фарабидің философиясы мен қазақ халқының рухани мұрасы зерделеніп, руханияты танудағы дискурстың әртүрлі формалары анықталады. Форум жұмысының қорытындысы бойынша ғылыми материалдар жинағы шығарылады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Шетелдік студенттермен жұмыс жүйелі жүргізілуде

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Ғылыми кеңестің отырысы өтті. Күн тәртібіндегі басты мәселелер шетелдік студенттермен және шетелдік ғалымдармен жұмысты ұйымдастыру және білім алушыларды университеттің білім беру бағдарламаларына сапалы қабылдауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар болды.

Ғылыми кеңесте білім алушыларды білім беру бағдарламаларына сапалы қабылдауды қамтамасыз ету мәселелері қозғалып, ол туралы оқуға қабылдау жөніндегі офис жетекшісі Айдар Жұмалипов баяндады.

Интернационалдандыру және рекрутинг департаментінің директоры Нұркен Әбдіғали қазіргі уақытта ҚазҰУ-да әлемнің 53 елінен 4000-нан астам шетелдік студент оқитынын атап өтті.

Шетелдерден келген студенттермен жұмысты ұйым-

дастыру тақырыбын Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Есбол Өміржанов жалғастырды. Спикер өз баяндамасында шетелдік ғалымдарды тарту динамикасын және соңғы төрт жылдағы ҚазҰУ-дағы шетелдік оқытушылардың үлесін талдап берді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-ға шетелдік мамандарды тарту мақсатында университеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін нығайту, шетелдік оқытушылардың үлесін ұлғайту есебінен халықаралық рейтингтерде (QS, THE) көрсеткіштерді арттыру және үздік әлемдік білім беру практикасы мен жаһандық тәжірибені енгізу қажеттігін атап өтті.

Ғылыми кеңесте сондай-ақ университеттің білім беру бағдарламаларына білім алушыларды сапалы қабылдауды қамтамасыз ету және шаруашылық есеп орталықтарының мониторингі мәселелері қаралды.

Гүл БАЯНДИНА



Арман Кайратович Исағалиев – казахстанский государственный деятель, чрезвычайный и полномочный посол Республики Казахстан в государстве Катар. Арман Кайратович является выпускником факультета востоковедения нашего университета. В данном интервью Арман Кайратович рассказывает о тонкостях профессии дипломата и делится своим опытом, накопленным долгими годами в дипломатической службе.

– Арман Кайратович, расскажите, пожалуйста, как Вы пришли к арабскому языку? Из всех языков почему выбрали именно арабский язык?

– Стать арабистом, по-видимому, мне было предначертано судьбой. Как Вы знаете, мой отец Исағалиев Кайрат Исағалиевич – кадровый дипломат, один из основателей Министерства иностранных дел независимого Казахстана, работал в системе внешней политики еще во времена СССР. С самого раннего детства он приучал меня к чтению политических газет и просмотру новостных программ, в особенности программы «Время». В силу малого возраста, а мне было 5-6 лет, я не особенно что понимал, поскольку в советские времена новостные программы были сильно пропитаны коммунистической идеологией. Но часть, которая касалась международного сотрудничества, привлекала мое внимание. Яркие видеорепортажи из-за рубежа производили на меня особенное впечатление. И в один из дней, в ходе просмотра репортажа выдающегося политолога и журналиста Фариды Сейфулмулюкова из одной арабской страны, я выдал отцу: «Хочу также разговаривать на арабском языке и ездить по арабским странам». Говорят, что Всевышний иногда вкладывает в уста ребенка важные послы. И задача родителей услышать их. Моему отцу это удалось. К тому же неподалеку от нашего дома располагалась средняя школа-интернат с арабским уклоном. В тот период школ, где преподавался арабский язык, в нашем городе было всего две. И одна из них находилась прямо через дорогу. Что это, если не провидение! Так, я с первого класса начал изучать арабский язык. В год, когда я закончил среднюю школу, во флагмане нашего отечественного образования – нашем любимом альма-матере Казахском государственном университете открылся факультет востоковедения. Это был еще один подарок мне свыше, и я конечно же туда поступил и окончил полный курс обучения по специальности историк-востоковед со знанием арабского и английского языков. Кроме того, в 1993-1994 годы мне посчастливилось пройти языковую стажировку в университете города Фес в Королевстве Марокко, что помогло мне повысить свой языковой уровень.

– Были ли какие-то трудности при изучении арабского языка? Как Вы их преодолели?

– Конечно же, арабский язык, как, впрочем и все восточные языки, очень сложный. Мне арабская вязь и тяжелые

гортанные звуки давались нелегко. И в плане лексики тоже немало трудностей. Только представьте, одно только слово «верблюд» в переводе на арабский имеет более 1000 наименований! Мне кажется для того, чтобы познать этот язык, надо в него без памяти влюбиться и всю жизнь постигать его красоту. Я воспринимал арабский язык через его

Арман ИСАҒАЛИЕВ:

Дипломат должен беззаветно любить свою Родину

схожесть с математикой, к которой я тоже был очень близок. Самый главный секрет арабской речи заключается в том, что в арабском языке все слова образуются и меняются по конкретным моделям и шаблонам. К примеру, чтобы сказать слово или предложение, вам просто нужно знать эти «формулы» и понимать куда и как их ставить. Знание этих формул мне сильно помогли быстрее овладеть этот один из сложных языков мира.

– Не могли ли Вы рассказать нам о своих студенческих годах?

– Могу сказать, что студенческие годы — это самое яркое и самое запоминающееся время в моей жизни. Общение со своими сверстниками, увлеченно постигающих тайны Востока и восточных языков, внеаудиторная жизнь обычного студента, участие различных мероприятий, организуемых университетом... Теплые воспоминания о том времени до сих пор греют мне душу. Особенно хочу отметить своих учителей, настоящий профессионал своего дела, Багдата Култаевича Амреева, Гульнару Ермуратовну Надирову, Фатиму Мамако. Наши гениальные Учителя погрузили нас во все тонкости арабистики, раскрыв нам все тайны этого удивительного языка, на котором разговаривают 22 государства с населением почти полмиллиарда человек. Я благодарен всем нашим преподавателям за то, что воспитали в нас любовь и уважение к арабскому языку, а также дали необходимые знания для дальнейшего профессионального становления.

– Арман Кайратович, расскажите, пожалуйста, немного о своей карьере дипломата, как, по-вашему, она сложилась?

– Я с самого детства мечтал стать дипломатом, так как пример моего великого отца, ко-



торый всю свою жизнь посвятил внешней политике и международной жизни, стоял у меня перед глазами. Папа готовил меня к этой карьере с раннего детства, раскрывая мне все тонкости дипломатии, протокола и этикета. Конечно же, мой альма-матер, факультет востоковедения тоже внес немалую лепту в моем становлении как дипломата. Я даже смею утверждать, что факультет востоковедения стал настоящей кузницей дипломатических кадров для нашего государства. Многие выпускники по окончании университета стали работать в МИД-е и в дальнейшем стали представлять наше государство в странах Ближнего, Среднего Востока и Юго-Восточной Азии. Только из нашего курса 5 выпускников достигли высшего дипломатического поста – чрезвычайных и полномочных послов. Когда я говорю об этом, меня по-настоящему распирает гордость за своих однокурсников, за свой алма-матер!

– Расскажите, пожалуйста, чем можно сравнить дипломатическую работу? Кто он сегодня - современный дипломат, какими знаниями и личными качествами должен обладать?

– Существует расхожее мнение о дипломатах, что они то и дело посещают пышные приемы и высокие рауты с бокалом шампанского в руке. На самом деле эта часть занимает одну сотую нашей повседневной работы. Проведение ежедневных переговоров, организация визитов делегаций различного уровня, поиск потенциальных инвесторов и новых сфер для двустороннего

сотрудничества, защита интересов наших граждан за рубежом – вот наши будни. Вежливость, тактичность, умение искать компромиссы – это всё о дипломатах.

– С момента установления дипотношений между Казахстаном и многими арабскими странами прошло более 30-и лет. За это время сменилось много послов. Поделитесь, есть ли какие-то профессиональные или личностные качества, которые Вы перенимали от них. Есть ли у Вас кумиры в этом деле?

– Я работаю в арабском мире уже 20 лет. За это время мне посчастливилось поработать с настоящими профессионалами своего дела. Моим главным учителем и наставником был и остается выдающийся дипломат и международный чиновник Багдат Култаевич Амреев, который воспитал не одну плеяду послов. В числе моих наставников и учителей я также могу назвать Аскара Ахметовича Мусинова, которого, к сожалению, не стало в прошлом году, Кайрата Каирбековича Лама Шарифа, под руководством которого я работал в предыдущих командировках в Саудовской Аравии и Объединенных Арабских Эмиратах. Все эти люди повлияли на мое профессиональное становление и рост. Они и есть мои кумиры. Главные уроки дипломатии, которые я получил от своих учителей: беззаветно любить свою Родину. Уважать и ценить страну пребывания, культуру и традиции его народа. Не избегать проблем. Безусловно, сталкиваться с проблемами неприятно, но, двигаясь по пути наименьшего

сопротивления, можно упустить множество великолепных возможностей. А также всегда помнить, что большие победы и достижения состоят из мелких и иногда даже незаметных шагов. Важно ценить эти шаги.

– Не так давно наш альма-матер отпраздновал своё 90-летие, а факультет востоковедения отметил 35 лет со дня своего основания. Что бы Вы пожелали своему родному вузу и факультету? Какие бы советы Вы дали нашим студентам, как первая ласточка факультета?

– Сердечно поздравляю наш любимый альма-матер с юбилеем! 90 лет быть флагманом нашей страны и символом высокого качества образования, войти в число лучших уни-

верситетов мира – это знаменательное событие, которое символизирует годы упорного труда, стремление к знаниям и уважение к науке. Наш университет прошел большой путь, став местом, где зажигаются новые звезды, рождаются идеи и крепнут дружеские связи между разными культурами. Особенности поздравления родному факультету, которому уже 35 лет! За эти годы факультет стал настоящим центром востоковедения, объединяющим увлеченных преподавателей, студентов и исследователей. Ее вклад в развитие нашей страны бесценен. Благодаря вашим усилиям и стремлению к знаниям факультет растет и процветает, раскрывая перед студентами богатство и красоту восточных языков и стран Востока, прививая уважение к культурному разнообразию. Нынешним студентам и будущим профессионалам хочу сказать: вы будущее нашей страны, хранители традиций и создатели новых идей. Я бы также хотел бы пожелать, чтобы молодежь была любопытной и обладала стойкостью духа на пути достижения своих целей. Пусть каждый шаг к знаниям будет для вас радостью и открытием! Желаю, чтобы каждый из вас шел к вершинам науки с уверенностью, что вы часть великой традиции, которую мы вместе создаем и поддерживаем. Удачи, успехов и блестящих результатов на этом пути!

Беседовала Фатимабиби ДАУЛЕТ, ассоциированный профессор кафедры китаеведения факультета востоковедения

«Біз еліміздің әлеуетін нығайта түсуіміз керек, яғни азаматтардың мұң-мұқтажына құлақ асатын және ең бастысы, мәселені тиімді шеше алатын әлеуеті мықты ел болуымыз қажет. Сондықтан білім мен инновацияға негізделген дамыған әрі жоғары технологиялық экономика құруға тиіспіз. Мұның бәрі азаматтар үшін жасалады. Себебі адам – біздің мемлекетіміз үшін ең басты құндылық», – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда.

Білім мен инновация – қазіргі заманның ең құнды қаруы. Жетілген жоғары технологияға жетудің төте жолы. Осыған жіті мән беретін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ университеттік ғылымды өркендету жолында тың ізденістерге баруда. Бүгінгі әңгіме Қазақ-неміс-қытай халықаралық қолданбалы микробиология зертханасы жайында болмақ.

ЗЕРТХАНА ШЕЖІРЕСІ

Зертхана жетекшісі, PhD докторы, Биотехнология кафедрасының профессоры Нұралы Шардарбекұлының айтуынша, зертхананың негізі қаланғанына отыз жылға таяу уақыт болған. Германия ғалымдарымен бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын 1998 жылдан бері жүргізіп келеді. Осы жылдар аралығында ондаған ғылыми зерттеу жұмыстары Scopus/Web of science ғылыми деректер базаларында жарияланып, ғылыми қоғамдастықтарда жоғары бағаланды. Осы уақытта зертхананың және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биология және биотехнология факультетінің магистранттары, PhD докторанттары, PhD докторлары мен «Болашақ» және DAAD секілді беделді бағдарламаларының шәкіртақы иегерлері Аахен қолданбалы ғылымдар университетінің зертханаларында ғылыми тағылымдамадан өтті. Олар ел ғылымының дамуына серпінді үлес қосып, Германия мен Қазақстан ғылым және жоғары білім саласындағы ынтымақтастықтың берік болуына септігін тигізуде.

Зертхананың бастапқы және тұрақты әріптесі ретінде Германияның Аахен қолданбалы ғылымдар университетінің (FH Aachen, Campus Jülich) профессоры Илья Дигельді ерекше атап өтуге болады. Профессор И.Дигель зертхана магистранттары мен PhD докторанттарына жетекшілік жасайды. 2018 жылдан бері бұл зертхана Қытай Халық Республикасының ғалымдарымен бір-

лескен ғылыми жұмыстарды іске асырып келе жатыр. Атап айтқанда Шэньси ғылым және технология университеті азық-түлік және биологиялық инженерия факультетінің қауымдас-

тырылған профессоры Джиян Джамен (Jian Zha) (Сиань, Шэньси провинциясы) тығыз байланыс орнады. Scopus/Web of Science ғылыми деректер базаларында жоғары индекс-телген журналдарға мақалалар жариялап, қауымдастырылған профессор Джиян Джа зертхананың магистранттары мен докторанттарына ғылыми жетекші болып отыр. Осы байланыстың нәтижесінде зертхананың жас ғалымдары Шэньси ғылым және технология университеті азық-түлік және биологиялық инженерия факультетінің зертханаларында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік алып, тағылымдамадан өтуде. Сонымен қатар молекулалық биология саласындағы заманауи әдістер мен әдіснамаларды меңгеруде. Соның бір мысалы ретінде зертхананың жас ғалымы Б.Каменов арадағы байланыстың арқасында ғылыми тағылымдамадан өтті. Барлық шығындарды қытай әріптестеріміз көтерді.

МАҚСАТЫ

Зертхана биотехнология саласындағы ғылыми зерттеулерді халықаралық деңгейде дамытуға, инновациялық биотехнологияларды енгізуге және Қазақстанның ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған. Бұл орталық Қазақстан, Германия



Мақсат – инновациялық биотехнологияларды енгізу



және Қытай ғалымдарының бірлескен жұмысы нәтижесінде құрылып, микробиологияның қолданбалы салаларына – ауыл шаруашылығы, экология, медицина және өнеркәсіпке ерекше назар аударады.

МАҢЫЗЫ

Ғылыми интеграция: үш елдің ғалымдары арасындағы ынтымақтастық арқылы озық технологиялар мен тәжірибелерді алмасу.

Азық-түлік қауіпсіздігі: микробиологиялық зерттеулердің нәтижесінде ауыл шаруашы-

лығында өнімділік пен экологиялық тұрақтылықты арттыратын шешімдер әзірлеу.

Экологиялық тұрақтылық: қоршаған ортаға зиян келтірмейтін технологияларды дамыту және табиғи ресурстарды қалпына келтіру жолдарын қарастыру.

Денсаулық сақтау: биомедицина саласында инновациялар жасап, жаңа дәрілік заттар мен емдеу әдістерін зерттеу.

БОЛАШАҒЫ

Трансұлттық зерттеулер: зертхана микробиология мен

биотехнология салаларында халықаралық деңгейде мойындалған ғылыми орталыққа айналуы көздейді.

Инновациялық стартаптар: алынған нәтижелердің негізінде биотехнологиялық өнімдер мен қызметтерді коммерцияландыру.

Ғылыми кадрлар даярлау: зертхана Қазақстан мен серіктес елдердің жас ғалымдарына арналған бірегей платформа болады.

Жаһандық серіктестік: зерттеу нәтижелерін әлемдік деңгейде қолдану үшін халықаралық ұйымдармен байланыс орнату.

Зертханамыздың ұзақ жылдар бойы Германия мен Қытайдың жетекші университеттерінің ғалымдарымен әріптестіктің жемісі ретінде 2024 жылдың 20 қарашасында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына орай, биология және биотехнология факультетінде Қазақ-неміс-қытай халықаралық қолданбалы микробиология зертханасы ашылды. Зертхананың ашылу салтанатына Германия, Қытай және отандық ғалымдар қатысты.

Зертхананың салтанатты ашылу рәсіміне Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың басшылары, Аахен қолданбалы ғылымдар университетінің профессоры және институт директоры Илья Дигель, биология және биотехнология факультетінің ұстаздары мен білім алушылар қатысты.


Үш ел ғалымдарының бірлескен жұмысының оң нәтижесі осы зертхананың ашылуына себепкер болды. Қазақ-неміс-қытай халықаралық қолданбалы микробиология зертханасының ғылыми әлеуеті зор. Атап айтсақ, биология ғылымының докторы, профессор Ажар Жұбанова, бас ғылыми қызметкері, профессор Нұралы Әкімбеков, бас ғылыми қызметкері, PhD Қуаныш Талғатұлы, Jian Zha Сиань қаласындағы Шэньси ғылым және технология университеті Тамақ және биологиялық инженерия мектебінің қауымдастырылған профессоры және Аахен қолданбалы ғылымдар университетінің профессоры және институт директоры Илья Дигельдің зертхана ашылуында шешуші рөл атқарғанына ерекше назар аударылып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлегіне «Ерен еңбегі үшін» медалі табысталды.

ТҮЙІН

Зертхана биотехнология саласындағы ғылыми зерттеулерді халықаралық деңгейде дамытуды, инновациялық биотехнологияларды енгізуді және Қазақстанның ғылыми әлеуетін арттыруды көздейді.

Зертхана университет басшылығының қолдауы, жас ғалымдардың күш-жігері және халықаралық серіктестердің қосқан үлесінің арқасында құрылып, қызмет етіп жатыр. Келешекте бұл зертхананың табысы отандық ғылымды өркендетуге үлкен үлес қосатынына сенім мол. Өйткені ғылым әлемді көркейтеді.

Гүлзат
НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



Филология факультетінің бітіруші түлектері – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенттерінің бір тобы JOO High School Almaty мектебінен педагогикалық практикадан өтті.

Тәжірибе жинақтау мен үйрену кезеңі

тыруға бағытталды. Сабақтың мақсаты – оқушыларды қазақ әдебиетінің классикалық шығармаларымен таныстырып, олардың құрылымын талдау арқылы ғаламдық мәселелерді анықтап, сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Сабақ жасанды интеллект негізінде әзірленген «Қара жорға» биімен сергіту сәтінен басталды. Одан кейін оқушылар арнайы карточкалар арқылы топтарға бөлініп, білімдерін жүйелеу мақсатында Wordwall платформасында тест тапсырмаларын орындады. Негізгі бөлімде оқушылар «Киноленда» әдісі арқылы романның сюжеттік-құрылымдық ерекшеліктерін зерттеп, «Киіз үй» форматындағы менталды карта көмегімен эпопеяда көтерілген ғаламдық мәселелерді талдап, олардың тарихи және заманауи мәнін анықтады. Сабақтың соңында оқушылар Padlet платформасы арқылы кері байланыс жасап, өз ойымен бөлісті. Заманауи әдістер мен технологияларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытуға елеулі әсерін тигізгені анық.

Сондай-ақ Айнұр Меңдештің 11-сынып оқушыларына оқу сауаттылығы пәнінен «Ұлттық аспаптар» тақырыбында ашық сабағы оқушылардың бір-біріне «Жылы сөз – жанға қуат» атты психологиялық ахуал



сыйлауымен басталды. «Қазақы өрнек ішіндегі құпия» әдісі арқылы қағаздағы QR-кодтарды пайдаланып, ұлттық аспаптар туралы бейнеролик көру нәтижесінде олардың дыбысына қарай аспаптардың түрін анықтады. Ары қарай «Домбыра – қазақтың қасиетті мұрасы», «Қобыз – қазақтың киелі аспабы», «Жетіген – Ұлы дала мұрасы» атты мәтіндермен та-



нысып, Mind map әдісі арқылы ұлттық аспаптардың ерекшеліктерін менталды картада жүйеледі. Сонымен қатар оқушылар Wordwall платформасы негізінде ұлттық аспаптарға қатысты мәтіндерді қаншалықты меңгергенін тексеру мақсатында тест тапсырды. Білімгер сабағы оқушылардың оқу сауаттылығын арттырумен қатар, ұлттық мәдениетке деген

қызығушылығын оятуға бағытталғанын айтқан жөн. Тәжірибе кезеңінде болашақ мұғалімдер оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға ерекше көңіл бөлініп, олардың мәтінмен жұмыс жасау, негізгі және қосымша ойды ажырату, салыстыру, тұжырым жасау сияқты тапсырмалар арқылы түсіну және талдау қабілеттерін жетілдіруге тырысты. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында лексикалық және грамматикалық тапсырмалармен қатар, шығармаларды талдау, кейіпкерлерге сипаттама беру, эссе жазу жұмыстарын тиімді ұйымдастырды.

Тәжірибе барысында түйткілді мәселелерді де оңтайлы шешудің жолын қарастырып отырды. Мәселен, үлгерімі төмен оқушылармен арнайы жұмыстар жүргізді. Ынталандыру әдістерін қолданып, тапсырмаларды түрлендіріп, әрқайсысымен жеке жұмыс жүргізіп, ортақ тіл таба білуге тырысты.

Тәрбие сағаттарында патриоттық тәрбие, ұлттық құндылықтар және адамгершілік тақырыптарында пікір алмасу ұйымдастырып, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға ерекше назар аударды.

Студенттер сабақтан тыс уақыттағы іс-шараларға да белсенді қатысып, түрлі зияткерлік сайыстар, дебаттар, әдеби кештер ұйымдастыру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Шоқан ШОРТАНБАЙ,
аға оқытушы,
практика жетекшісі

Аружан ОШАНОВА,
4-курс студенті

Экологиялық құқықтық мәселені шешу жолы

Әлемде минут сайын 1 миллион дана пластикалық бөтелке сатып алынады. Ал жыл сайын 5 триллион бір рет қолданылатын полиэтилен пакеттері пайдаланылады. Біз күн сайын шығаратын пластикалық қоқыстардың ең көп таралған түрлері – бір реттік ыдыс-аяқ, сөмке, қаптама, пластикалық бөтелке және түрлі контейнерлер. Пластмасса қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіреді: оны өндіру барысында атмосфераға жылына 400 миллион тоннаға дейін көмірқышқыл газы бөлінеді.



йынша сұрыптау. Бұл кезеңде бөлшектерді сапа класы бойынша сұрыптау жүргізіледі. Тығыздықты тексеру үшін бөлшектер суға батырылады. Тығыздығы жоғары бөлшектер түбіне түседі, ал қалғандары бетінде қалады. Содан кейін ауа құбырында өлшемдері бойынша сұрыптау жүргізіледі: үлкен бөліктер төмен түседі, ал кішкентайлар жоғары көтеріледі. Бұл кезең алынған флекстің сапасын анықтауға көмектеседі. Жетінші – балку. Пластикалық қалдықтарды қайта өңдеудің соңғы кезеңі. Мұнда кептірілген үлпектер балқытылады. Бұл процестің бірнеше ерекшеліктері бар: қабыршақтар дереу жаңа пішінге құйылады немесе кейінірек

пайдалану үшін түйіршіктерге өңделеді. Кейінірек дайын өнімді осы түйіршіктерден жасауға болады. Балқыту барысында бөлшектердің бұзылуын болдырмау үшін арнайы жабдық пен белгілі бір температура қолданылады.

Жалпы, қазіргі таңда экологияның жақсаруына түрлі шешімдер бар. Мысалы, Қазақстан қалаларында ECOSEN қабылдау бөлімдері жұмыс істейді. Өзіміздің тәжірибем арқылы айтсам, жақында мен осы қайта өңдеу бөліміне бардым. Отбасымда қоқысты, оның ішінде бөтелке, қағаз және т.б. қайта өңдеуге береміз. ECOSEN жүйесі өте тиімді, себебі біз қалдықтарды өңдеуге өткізіп қана қоймай, нәтиже-

сінде экоөнімнен жасалған сөмкелер мен бөтелкелер ала аламыз. Бұл осы жүйемен айналасуға үлкен мотивация береді. Жалпы, қоршаған ортаны сақтап қана қоймай, оны аялау керек және мұндай акциялар мен шараларға өзіміз ғана қатыспай, жас ұрпақты дұрыс шешім қабылдауға бағыттап, табиғаттың гүлденуіне үлесін арттыру қажет. ТДМ-ның 17-ші мақсатын іске асыру – біздің жарқын болашағымыздың кепілі. Сол сияқты 13-ші мақсатқа, яғни «Климаттың өзгеруімен және оның әсерлерімен күресу үшін шұғыл шаралар қабылдау» бойынша қоршаған ортаға біршама үлес қостым деген сенімдемін.

Қорытындылай келе, біз болашақта өзімізге және қоршаған ортаға зиян келтірмеуіміз керек. Бұл кішігірім қадам жауапкершілікті сезінудің негізі және біздің ұрпаққа жасыл ғаламшардан ләззат алуға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, сіз контейнерді өз үйіңізге орналастыра аласыз, бұл тұтынушылық өнімдерді қайта өңдеуге және бүкіл отбасына дұрыс білім алуға, айналаңыздағы адамдардың санасын өзгертуге көмектеседі. Бәріміз бірге Жер-Анамызды аялайық.

Мерей БЕЙСЕТБАЙ,
Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының аға оқытушысы

Ернұр ОҢДАШҰЛЫ,
3-курс студенті

Тарих факультетінің жанынан құрылған «Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерделеудің республикалық ғылыми-зерттеу орталығы» мен Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы бірлесіп венгриялық зерттеуші, PhD, Саяси режимнің өзгеру тарихы ғылыми-зерттеу институты және мұрағатының (RETÖRKI) директоры Питер Штрауспен кездесу өткізді.

Венгриялық зерттеушімен жүздесу



Доктор Питер Штраус XX ғасырдағы Венгрия мен Еуропа тарихына, әсіресе қырғиқабақ соғыс дәуіріне, әлеуметтік режимнің өзгеруіне және оның алғышарттарына ғылыми талдау жасаумен айналысатын ғылыми-зерттеу институтының қызметімен таныстырды. Институт мұрағаты қорындағы Венгрия режимін өзгертуге және антикоммунистік эмиграцияға қатысқан маңызды тұлғалардың жеке жинақтарының маңызы айтылды. Сонымен бірге қазіргі әлемде болып жатқан процестердің күрделілігіне байланысты тарихқа әлеуметтік, саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан көлудің маңызын атап өтті.

Қазақстан мен Венгрия/Шығыс Еуропа елдерінің бірлескен салыстырмалы зерттеулерін жүзеге асыру бойынша пікір алмасу болды. Институтта тоқсан сайын шығатын Journal of Rejime Change журналында тарих факультеті оқытушыларының мақалаларын ағылшын тілінде жариялау, студенттер, магистранттар мен докторанттар үшін венгр зерттеушілерінің XX ғасырдағы Венгрия және Еуропа тарихы бойынша онлайн дәрістерін ұйымдастыру туралы өзара келісім жасалды.

Тоқсан сайын Rendszerváltó Szemle деп аталатын мерзімді басылым жарық көріп отырады. Басылымның мақсаты – RETÖRKI институтында жүргізіліп жатқан қарқынды жұмыстарды көрсету. Сонымен қатар мерзімді басылым институттың маңызды және ғылыми маңызды құжаттарын, оларға қатысты түсіндірме жұмыстарын үнемі жариялап отырады.

RETÖRKI жас сарапшылар тобы мекеменің негізі қаланған кезде тұжырымдалған бастапқы мақсат пен идеяларды білдіре отырып, венгриялық және халықаралық кәсіби ынтымақтастық пен бағдарламаларға қатысуға күш салады. Осылайша елдің өткен тарихын жақсырақ түсінуге мүмкіндік беріп, оқиғалардың шынайы бейнесін ашып көрсетуге жол ашады.

Болашақ мамандарға институттың жүргізіп отырған зерттеулері бойынша ғылыми нәтижелерімен танысуға бірнеше жолмен мүмкіндік беріледі. Институт тарих және саясаттану бакалавры және магистратура студенттері үшін сынақтан өту және қорғау бағдарламаларын ұдайы ұсынып отырады.

Осыған байланысты кездесу барысында Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор Б.Кәрібаев тарих туралы білімді кеңейтуге, шынайы түсініктерді қалыптастыруға ықпал ететін халықаралық кәсіби ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Аталған іс-шараға оқытушылар, студенттер мен магистранттар қатысты.

Гүлнар ХАБИЖАНОВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры

Ақнұр ҚОШЫМОВА,
т.ғ.д., аға оқытушы

Қазақстан мен Иран басшыларының тапсырысымен басталған Әбу Насыр әл-Фарабидің мұрасын зерттеуге арналған Иран – Қазақстан жобасы аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған үш кітап жарыққа шықты.

Олар: «Фараби кітапханасындағы қолжазба, көне және литографиялық кітаптардың каталогы», Ирандағы қолжазба деректер негізінде Қазақ хандығының тарихына арналған «Түркістанның жалпы аймақтық тарихы» және Фарабидің әділетті қоғам ойларының негізінде Иран мен Қазақстанның өткен ғасырдағы тәжірибесін салыстыра келіп, «Ұлттық мемлекеттік құрылымның ізденісіндегі диалог».

Кітап таныстырылымы аясында сөз сөйлегендер бірлескен жобалардың маңызын атап өтті. Сондай-ақ қазақ халқының Иран тарихы жайлы мағлұматы болғанымен, парсы жұртының Қазақстан жайлы ақпаратының әлі күнге дейін аз екені айтылды. Парсы тілінде жазылған осы үш еңбек Қазақстанды Иранға танытуға айтарлықтай сеп болатыны айтылды.

Таныстырылымда сөз сөйлеген Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрілігінің кеңесшісі әрі жоба жетекшісі Сейед Әли Муджани жоба барысында атқарылған жұмыстарға есеп беріп, кітап-

МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің Алматы филиалы «Қауіпсіз жоғары өнімді есептеу жүйелері» («Информатика және есептеуіш техника» бағыты, бакалавриат және магистратура) және «Элементар бөлшектер физикасы және космофизика» («Ядролық физика және технологиялар бағыты», бакалавр дәрежесі) сияқты танымал бағдарламалар бойынша оқытуды жүзеге асырады.

МИФИ ҰЯЗУ аумағында бассейндік ядролық зерттеу реакторы бар. 2024 жылы ұзақ тоқтаудан кейін (13 жылдан астам) IRT МИФИ өз жұмысын қайта бастады. Бұл – «Росатом» және «Роскосмос» мемлекеттік корпорацияларының қолдаушы университеті, сондай-ақ «Росфинмониторинг» пен «Касперский зертханасының» серіктесі. «Росатом» қызметкерлерінің 30 пайызы МИФИ түлектері. Айта кететін бір жайт, Ресейде МИФИ-ді бітіргендер ең көп жалақы алатындар арасында 3-орын алады екен. Университеттің Ресейдің үлкенді-кішілі қалаларында орналасқан 12 филиалы және екі шетелдік филиалы (Алматы, Ташкент) бар. 2021 жылы университет QS, THE, ARWU, U.S. агенттіктерінің 20-дан астам пәндік рейтингтеріне енді. News & World Report, RUR және т.б., сонымен қатар барлық жетекші жаһандық институционалдык рей-

Ұлы баба мұрасын зерттеу – парыз



тардың мазмұнына жекелей тоқталып өтті.

Иран Ислам Республикасының Сыртқы істер министрілігі баспасының директоры Хабиболла Малакутифар мырза жоба аясында үш еңбектің осы баспадан шыққанына ризашылық білдіріп, екі ел арасында осындай ғылыми жобаларды атқарудың өзара танымды тереңдетуде айрықша рөл атқаратынын айтты.

Тұран-Иран ғылыми-зерттеу орталығының директоры Ислам Жемений өз сөзінде «Ұлттық мемлекеттік құрылымның ізденісіндегі диалог» атты еңбекте ирандық ғалым Шади Мәрефәтмен бірлесіп XX ғасырдың басында Иранда болған маршрутият – конституциялық революция мен Қазақстанда болған Алаш қозғалысы туралы кешенді зерттеу жүргізгенін, Алаш қайраткерлерінің Абай мектебінен шық-

қанына баса назар аударғанын айтты.

ҚМДБ жанындағы Ислам ғылыми-зерттеу орталығының директоры, доктор Қыдыр Төрәлі аталған үш еңбектің Қазақстан мен Иран арасындағы алғашқы бірлескен жоба екенін айтып, екі ел тарихында салыстыра зерттеуге болатын кезеңдердің көп екеніне тоқталып, келешекте бірқатар бірлескен жобалардың қолға алынаатынына үміт етті.

Қазақстан мен Иран арасындағы бірлескен ғылыми, мәдени және әдеби жобалар легі одан ары жалғасын тауып, екі елдің ғалымдары, зерттеушілері мен әдебиетшілерін жақындастырып, екі халықтың игілігіне жұмыс істеуге жағдай жасалатынына сенімдімін.

Гаухар ОМАРХАНОВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының 1-курс магистранты

Түлектерге сұраныс жоғары

тингтерге де енген. Жалпы, Round University Rankings рейтингінде МИФИ ҰЯЗУ 2012 жылы әлемде 531-орынды иеленсе, 2022 жылы алғаш рет әлемнің үздік 100 университетінің қатарына кіріп, 96-орынды иеленді. Америкалық News & World Report рейтингте ҰЯЗУ физика кафедрасындағы өзінің позициясын 127-орыннан (2016) әлем бойынша 34-орынға дейін (2021) жақсартты. Соңғы сегіз жыл ішінде (2014 жылдан 2022 жылға дейін) МИФИ ҰЯЗУ британдық QS Physics & Astronomy рейтингінің алғашқы жүздігіне кірді.

МИФИ қабырғасында оқыған немесе жұмыс істеген алты Нобель сыйлығының лауреаты болған. Олар: Н.Г.Басов (лазерді ойлап тапқан), Н.Н.Семенов (тізбекті реакция), П.А.Черенков (Черенков сәлесін ашқан), И.Е.Тамм (Черенков сәлесінің теориясын жасаған), И.М.Франк (Черенков сәлесінің теориясын жасаған), А.Д.Сахаров (СССР сутегі бомбасы авторларының бірі, бейбітшілік саласындағы лауреат).

Әр кезде МИФИ құрамында СССР Ғылым академиясының 29 академигі жұмыс істеген. 2013 жылдан бастап профессорлық-оқытушылық құрамға шетелдік университеттер мен ғылыми ұйымдардың профессорлары мен қызметкерлері белсенді түрде тартылды. 2016 жылғы мониторинг нәтижелері бойынша МИФИ профессорлық-оқытушылық құрамы 1294 адамды құрайды (оның ішінде

539 толық емес жұмыс күні), оның ішінде ғылыми дәрежесі бар: ғылым докторлары – 388 адам, ғылым кандидаты/PhD – 647 адам. Олардың ғылыми атағы барлары: профессор – 220 адам, доцент – 257 адам. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс тобының құрамында 163 лауазымды шетелдік қызметкерлер бар.

МИФИ филиалдары қалай жұмыс істейтінін Ташкент филиалының жұмысына қарап бағалауға болады. Бұл филиал 2018 жылдан бері жұмыс істеп, екі рет түлектерді шығарып үлгерді. Оны бітірушілер үлкен сұранысқа ие және қабылдау кезінде де конкурс өте үлкен. Филиал Ұлықбек шаһарында Ядролық физика институтының аймағында орналасқан. Филиалға арнайы ғимарат салынған. Бүгінде төрт кафедрасы, директоры бар. Бізде де келешекте солай болады деген сенім бар. Бөлек оқу корпусы беріліп, зертханалар салынады деген ойдамын.

Тұрғара ТҮСЕЕВ,
физика-математика ғылымдарының докторы, Жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Every year more than 100 students graduate from IRF-International Relations Faculty become alumni of al-Farabi Kazakh National University. They work not only for the Ministry of Foreign Affairs, but in many other different spheres in our country and abroad as well. I would like to point out that our graduates usually keep being in touch with professors and try to help providing our faculty with necessary equipment, establishing scholarships for our students.

We are proud of our alumnus!



admitted to several prestigious universities and pursued a Master of Research (MRes) degree in International Relations at the University of Glasgow in the United Kingdom, graduating in 2024. His research explores the integration of higher education between China and Kazakhstan, and he presented his findings at the Central Eurasian Studies Society (CESS) Annual Conference in Almaty in 2024. Xudong is also an active member of the CESS, contributing to scholarly discourse on Eurasian studies.

Professionally, Xudong has an experience as a translator for Kazakh and Chinese companies. In 2023, he established Shengshi

Yicheng Study Abroad Consulting Co., Ltd., where he serves as director, focusing on strengthening educational partnerships between China and Central Asia. Currently, Xudong continues to promote education and cross-cultural exchange as a teacher and volunteer at the Glasgow Chinese School and the Confucius Institute. His academic and professional contributions reflect his commitment to advancing to International collaboration and fostering cultural understanding.

Gulnar KARIPBAYEVA,
International Relations Faculty


Our university recently hosted a round table discussion dedicated to Sustainable Development Goal (SDG) 13: "Climate Action." The event was organized by English language instructors and brought together first-year undergraduate students from the Faculty of Biology.

«Empowering Future Scientists: Round Table on Climate Action and Youth Activism»



A round table academic discussion devoted to UN SDG 13 "Climate Action" was organized by English language instructors and brought together first-year undergraduate students from the Faculty of Biology allowing students not only to deepen their understanding of global environmental challenges but also to practice their English skills. Key concepts such as "carbon footprint," "global warming," and "sustainable development" were explored, enriching both their scientific and linguistic knowledge. In their presentations biology students spoke about the causes of smog on Almaty (Gulnaz Karzhaubay), the problem of water shortage (Vladislav Ivanov), environmental situation in Kazakhstan (Anton Dudnik, Yussupzhan Alisher), environmental problems in Kazakhstan (Ilnur Tairov, Alua Barmanbekova).

The event fostered a warm and productive atmosphere. Participants demonstrated not only their interest in tackling environmental problems but also their dedication to self-improvement and mastering professional English terminology. It was inspiring to see students enthusiastically asking questions, sharing personal observations,



and brainstorming ways to make their studies and daily lives more eco-friendly.

It is worth noting that such initiatives nurture global thinking and raise a generation of conscious youth ready to contribute to a sustainable future. The round table became a significant step in merging scientific and linguistic education, reinforcing the idea that a modern specialist is someone well-versed in their field and capable of communicating on the global scientific stage. Events like this strengthen both the academic competencies of students and their sense of responsibility for the planet's future, encouraging them to take action here and now.

Aray ABYLKASSOVA,
Ayana JANUZAKOVA,
Foreign Language Department



Prepared by Aizhan MULDAGALIEVA

Al-Farabi Kazakh National University through the Eyes of International Students

This academic year we were happy to have a unique group of first-year students from China Amangeldi Aknar and Inzhu Shalkaar, ethnic Kazakhs, and Xu Yan, Li Lipeng and Zhang Qianshui, ethnic Chinese students who chose KazNU to study Oriental Studies and Translation.

Amangeldi Aknar: «KazNU is the bridge to my heritage». For Aknar, choosing KazNU was not only about academics but also about rediscovering his roots. "Growing up in China, I always knew I was Kazakh, but I didn't fully understand what it meant. My family kept our traditions alive, but being surrounded by a different culture, I felt something was missing."

Aknar shares that studying Translation at KazNU has been an enriching experience. "The faculty is incredible. We're delving into Central Asian history, languages, and politics. I'm learning so much about the role Kazakhstan has played in the development of Eastern civilizations."

Shalkar Inzhu: «Translation is more than words—it's about understanding». For Inzhu, studying Oriental Studies at KazNU

is a natural extension of her passion for languages and history. "Growing up bilingual, I was fascinated by how languages connect people. My parents spoke Kazakh, we studied Mandarin in school, and now I'm perfecting my English and Russian at KazNU"

Inzhu also speaks about the friendships she's formed. "I've met students from so many countries here. The mix of backgrounds is inspiring. It's amazing to see how people from different cultures come together to learn and grow at KazNU."

Xu Yan: «KazNU is my gateway to Central Asia». Xu Yan, an ethnic Chinese student, shares her perspective on why she chose KazNU. "Central Asia has always fascinated me. It's a region rich in history, culture, and opportunity. When asked about her experience as an international student, Xu Yan says, "KazNU feels like home. The campus is beautiful, the professors are supportive, and the students are incredibly kind. I was worried

about feeling out of place, but instead, I've found a community that values diversity".

Li Lipeng chose to study Translation at KazNU because of its strong academic reputation. He says: "KazNU is known for its excellence in language studies. We're learning ancient texts and using the latest translation software. It's a perfect balance. I feel like I'm preparing for a career in a rapidly changing world while staying connected to timeless values."

Zhang Qianshui: "I wanted to challenge myself by studying abroad, and Kazakhstan seemed like the perfect choice. It's a country with a unique blend of cultures and a growing role on the global stage."

Studying Translation, Zhang feels inspired by the depth of knowledge she's gaining. "The professors are passionate and knowledgeable. They're not just teaching us facts—they're showing us how to think critically about the world."

We are really happy that for Aknar, Inzhu, Xu Yan, Li Lipeng, and Zhang Qianshui Al-Farabi Kazakh National University is more than an academic institution. It's a place where cultures meet, ideas flourish, and futures are shaped. KazNU embodies the spirit of unity, excellence, and opportunity, making it a destination for students from every corner of the world.

Asel OTETILEUOVA, Marzhan ALMUGAMBETOVA,
Foreign Language Department

Ғылым мен бизнес форумы

Соңы. Басы 1-бетте

Өз сөзінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев университеттің жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы баяндады.

«Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қазақстанда ғылым қалашығын құру туралы мәселені көтерді. Президент Үкіметке осы бастаманы жан-жақты зерделеп, тиісті заң жобасын дайындауды тапсырды. Біз инновациялық технологиялар паркі мамандандырылған экономикалық аймағына қосылуға ниеттіміз. ҚазҰУ Алматының инновациялық экожүйесіне кіруге және ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруда зор мүмкіндіктерге ие. Бұл бізге ғылыми қалашық болуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта қазақстандық жоғары оқу орындары арасында ең ірі технопарк, инновациялық парк және жасанды интеллект орталығының құрылысы жоспарлануда», – деді ректор Ж.Түймебаев.

Форум аясында ҚазҰУ мен «Astana Motors Manufacturing» және «Dragon Lakshme Group KZ» ЖШС, «Линь Цзинь Люхуан» ЖШС компаниялары арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қою рәсімі өтті. Тараптар автокөлік өнеркәсібінде кадрларды даярлау және инновациялар саласында өзара ынтымақтастық орнатып, сондай-ақ сумен жабдықтау және экология бойынша бірлескен жобаларды әзірлейді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.
Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.